

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Челябі мемлекеттік университеті»  
Жоғары білім беретін федералдық  
мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі  
(«ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

Қостанай филиалы

БҰЙРЫҚ

17.04.2024 2024 ж.

№ 98/04-07

2024ж. қабылданатын талапкерлерге  
сауалнама өткізу туралы

Кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімділігін және болашақ студенттердің «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалында білім алудан не күтетін, қалауларын анықтау мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қабылдау комиссиясы сауалнамаға сәйкес барлық бағыттағы күндізгі оқу бөліміне түсетін талапкерлер үшін сауалнама алуды ұйымдастырсын және өткізсін (1 қосымша).
2. Талапкерлер арасында сауалнама өткізуге кәсіптік бағдарлау жұмысы және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекші маманы Коденко В.Д. жауапты болып тағайындалсын.
3. Білім сапасын бағалау бөлімі 2024 ж. 23 қыркүйегіне дейінгі мерзімде сауалнама нәтижесін дайындасын және тапсырсын.
4. Бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.В. Панинаға жүктелсін.

Қосымша: 1 бетте.

Директор



Н.А. Нализко

РЕСЕЙ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Челябі мемлекеттік университеті»  
Жоғары білім беретін федералдық  
мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі  
(«ЧелМУ» ЖББ ФМББМ)

Қостанай филиалы

«ЧелМУ» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалына түсушінің сауалнамасы

Құрметті талапкер!

Сіз Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай филиалына түсіп жатырсыз, және де өміріңіздегі үлкен өзгерістерді жоғары білім алумен байланыстыратын шығарсыз. Біздің сауалнамамыздың практикалық мақсаты – Сіздің таңдауыңызға кім және не себеп болғандығын анықтау. Бізге Сізді не нәрсеге және қалай үйрету керектігі туралы мәселе қызықтырады. Сіздің көзқарасыңызға сәйкес келетін жауаптардың номерін дөңгелекпен белгілеңіз, немесе өз жауабыңызды жазыңыз. Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алдын-ала алғыс білдіреміз!

1 Тегіңіз \_\_\_\_\_ Есіміңіз \_\_\_\_\_

Әкеңіздің аты \_\_\_\_\_

2 Сіздің жынысыңыз 1 – ер 2 – әйел

3 Сіз қандай мектепті (колледжді) бітірдіңіз

(толық атауын және орналасқан жерін: облыс, аудан, қаланы жазыңыз)

4 Сіздің тұратын жеріңіз

1 – Қостанай қ.

2 – басқа қала (облысты жазыңыз) \_\_\_\_\_

3 – ҚР ауылдық елді-мекені (облысты, ауданды, ауылды жазыңыз)

4 – РФ елді-мекені (облысты, ауданды, ауылды жазыңыз)

5 – ТМД елдерінің елді-мекен (жазыңыз) \_\_\_\_\_

6 – басқа нұсқа (жазыңыз) \_\_\_\_\_

5 Мектепте оқыған кезде немен (қосымша қызығушылықтарыңыз, оның ішінде ғылыми ізденістеріңіз) айналыстыңыз? (жазыңыз)

6 Қандай жетістіктеріңіз (марапаттарыңыз) бар?

(жазыңыз) \_\_\_\_\_

7 Сізді оқудан басқа не қызықтырады?

1 – студенттік өзін-өзі басқару

2 – спорт, оның ішінде шахмат (қандай екенін жазыңыз)

3 – шығармашылық: вокал, хореография, театр, КТК, пікірсайыстар, интеллектуалдық ойындар (керектінің астын сызыңыз)

4 – ғылыми ізденістер

5 – киберспорт

6 – басқасы (не екенін жазыңыз) \_\_\_\_\_

**8 Сіз қандай дайындық бағытына түсуді жоспарлап отырсыз?**

- 1 – Экономика
- 2 – Менеджмент
- 3 – Юриспруденция
- 4 – Филология
- 5 – Лингвистика

**9 Дайындық бағытын таңдауда Сіздің таңдауыңыз өзгеруі мүмкін бе?**

1 – ия (қандайға, жазыңыз) \_\_\_\_\_

2 – жоқ

3 – жауап беру қиын

**10 Сіз неліктен өзіңіз таңдаған дайындық бағытын қаладыңыз?**

1 – соған қабілетім бар

2 – бұрыннан қызығамын

3 – «мұра бойынша келе жатыр»

4 – ата-анам ұсынады

5 – беделді, сұранысқа ие деп санаймын

6 – таңдаудың басқа себептері (жазыңыз) \_\_\_\_\_

7 – жауап беру қиын

**11 Сіздің дайындық бағытын таңдауыңызға кім (не) әсер етті?**

1 – ата-анам, туыстарым

2 – мектеп (колледж) мұғалімдері

3 – осы саланың мамандары

4 – өзім таңдадым

5 – Қостанай филиалының студенттері (ТАӘ жазыңыз) \_\_\_\_\_

6 – Қостанай филиалының оқытушылары (ТАӘ жазыңыз) \_\_\_\_\_

7 – Қостанай филиалының қызметкерлері (ТАӘ жазыңыз) \_\_\_\_\_

8 – замандастар

9 – жарнамалық хабарламалар (қандай) \_\_\_\_\_

10 – Филиалдың әлеуметтік желілері, сайты

11 – жауап беру қиын

**12 Неліктен Сіздің таңдауыңыз Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай филиалына түсті?**

1 – ҚР-да ресейлік жоғары білім алу мүмкіндігі

2 – жұмысқа орналасу перспективасы

3 – ЧелМУ дипломын иелену мәртебесі

4 – ҰБТ тапсырмай жоғары білім алу мүмкіндігі

5 – бір дайындық бағытында оқып жүріп, қосымша біліктік алу мүмкіндігі

6 – басқа себептер (жазыңыз) \_\_\_\_\_

**13 Сіз Челябин мемлекеттік университетінің Қостанай филиалын қалай бағалайсыз?**

1 – аймақтағы жетекші, беделді оқу орындарының бірі

2 – барлық басқалары сияқты оқу орны

3 – көп позициялары бойынша кері қалған

4 – жауап беру қиын

**14 Университетте оқу кезінде Сізге не керек?**

1 – әлеуметтік қолдау

2 – қосымша білім алу

3 – оқу кезінде жұмыс істеу мүмкіндігіне қолдау көрсету

4 – оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасуға көмек көрсету

5 – ұйымдасқан демалыс түрлері

6 – тағы не? (жазыңыз) \_\_\_\_\_

7 – жауап беру қиын

**15 Негізгі дайындық бағыты бойынша оқу кезінде Сіз қандай қосымша білім беру қызметін алғыңыз келеді?**

1 – компьютермен жұмыс істей білу

2 – шетел тілі бойынша білімді кемелдендіру

- 3 – шетелде тағылымдамадан өту
- 4 – екінші мамандық алу (қандай, жазыңыз) \_\_\_\_\_
- 5 – ізденушілік жұмыс дағдылары
- 6 – тағы не? (жазыңыз) \_\_\_\_\_
- 7 – жауап беру қиын

**16 Университетті аяқтағаннан кейінгі Сіздің жоспарыңыз**

- 1 – дайындық бағыты бойынша жұмысқа орналасу
- 2 – өз ісінің маманы болу, сәтті мансап құру
- 3 – шығармашылық еңбекпен айналысу
- 4 – беделді оқу орнының дипломымен жерде қалмаймын
- 5 – басқа жауап жазыңыз) \_\_\_\_\_

**Жауаптарыңыз үшін рақмет!**